

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына ядролық отынның (ИРТ-4М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылардың макеттері) транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 қазан N 1632

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес мөлшерде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына "ТВЭЛ" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) 1999 жылғы 2 маусымдағы N 860/45046040/ 349902 келісім-шарт бойынша Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Ядролық физика институтына (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) беретін ядролық отынның (ИРТ-4М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылардың макеттері) транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының кеңесі (ИКАО) бекіткен Дос 9284-AN/905 "Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарға" және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Новосибирск-Қарағанды-Ташкент бағыты бойынша "Волга-Днепр" авиакомпаниясы әуе кемесімен жүзеге асыратын жүктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ядролық отынның (ИРТ-4М үлгісіндегі жылу бөлетін құрандылардың макеттері) транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 қазандағы
N 1632 қаулысына
қосымша

"ТВЭЛ" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы)
1999 жылғы 2 маусымдағы N 860/45046040/349902 келісім-шартқа сәйкес
Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Ядролық физика институтына
(Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) беретін тауарлардың мөлшері

P/c! СЭҚ ТН ! Тауардың атауы ! Өлшем ! Саны ! Бағасы АҚШ ! Жалпы құны
N ! коды ! ! бірлігі ! ! долларымен ! АҚШ
! ! ! ! ! ! долларымен

1	840130000	ядролық отын	дана	4	18750	75000
		(ИРТ-4М				
		үлгісіндегі жылу				
		бөлетін				
		құрандылардың				
		макеттері)				

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.